

«Үнем – қоғам қуаты»
арнайы жобасының тұжырымдамасы

Өзектілігі.

Тиімді тұтыну – қазіргі әлемде қоғам дамуының ажырамас бөлігі болып табылады.

«Прагматизм» ұғымы қазақстандықтарға икемді, қаржылық тұрақты, дені сау, білімді, еңбек нарығында сұранысқа ие болуға, өзінің әлеуетін іске асыруға және құбылмалы әлем жағдайында тез әрекет етуге мүмкіндік беретін бірқатар ұтымды дағдыларды жинақтайды.

Бағдарламаның негізгі бағдарларының бірі ретінде аталған бағытты қазақстандықтардың санасында ұғымның көптүрлілігін бекіту және іс-тәжірибеге бірқатар прагматикалық әдеттерді енгізу үшін кең ақпараттық және жобаға қолдау көрсетуді қажет етеді.

Осыған байланысты, ұтымды дағдыларды дамыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін қазақстандықтардың прагматизм дағдыларын дамыту жөніндегі жеке арнайы жобаны іске асыру өзекті болып табылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша **бағыты** – «Тұлғалық даму».

Жобаның мақсаты – ресурстарды орынды тұтынуды және бөлуді көздейтін прагматикалық өмір салтын қазақстандықтардың құндылықтық бағдарлары жүйесіне енгізу.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттерді** шешу қажет:

- 1) прагматизм ұғымы туралы түсінікті кеңейту;
- 2) даму қажеттілігін және өмірге ұтымды көзқарасты тұрақты түсінуді қалыптастыру;
- 3) мінез-құлық трендтерін қалыптастыру;
- 4) бағыт шеңберінде прагматикалық дағдыларды дамыту үшін жағдай жасау;

Арнайы жобаның мақсатты аудиториясы (халық санаты). Жалпы білім беретін мектептердің, ТЖКБ-ның оқушылары, жоғары оқу орындарының студенттері, Қазақстан халқының экономикалық белсенді бөлігі (оқырмандар мен тыңдаушылардың, мамандардың кең ауқымы).

Стратегиялық серіктестер.

Арнайы жоба шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың ҮЕҰ-мен және қоғамдық бірлестіктер, жеке тұлғалық өсу орталықтары, кәсіпкерлер, бизнесмендермен ынтымақтастықта мүдделі білім беру ұйымдарымен әріптестікте жүзеге асырылады.

Іске асыру механизмдері.

1. Ақпараттық жұмыс:

– бейнероликтер, подкасттар, графикалық және мәтіндік материалдар көмегімен прагматикалық мінез-құлық, ұтымды дағдылар тақырыбына БАҚ-та және әлеуметтік желілерде контентті жасау және белсенді жылжыту;

– материалдарды түпнұсқа ретінде орналастыру үшін бағдарламаның ресми ресурсы «Ru.kz» платформасын пайдалану;

– әлеуметтік желілерде тақырыптарға сәйкес келетін, ірі басылымдарды орналастыру;

– жарқын және түсінікті мысалдар арқылы өмірге прагматикалық қатынас ұғымын ашатын вирустық әлеуметтік роликтерді іске қосу.

NUDGE технологиясын пайдалану.

– әлеуметтік желілерде мессенджерлер мен билбордтарда лозунгтардың таралуы;

– іс жүзінде өмір сүруге шақыратын ұлттық дәстүрлерді ілгерілету;

– өмірде табысқа жеткен прагматиктер тұлғаларын танымал ету;

– лайфхак форматындағы ұтымды дағдылардың практикалық пайдасын көрсету (*мысалы, коммуналдық қызметтер үшін шотты азайту, қаржыны сауатты бөлуден түскен инвестициялық пайда*);

– адам бейнесі бойынша ойдан шығарылған прагматик-кейіпкерлерді жасау, олар әлеуметтік желілердегі тұлғасы арқылы практикалық тәжірибе негізінде түрлі шешімдерді қабылдаудың салдарын көрсететін болады/көп сериялы видеография/заманауи анимациялық сериал көрсету;

– мобильді қосымша форматында прагматикалық әдеттерді қалыптастыру бойынша пайдалы кеңестері бар чек-парақты қалыптастыру және танымал ету, онда өз прогресін қадағалауға және белгілі бір рейтингке қол жеткізгені үшін материалдық емес сыйақы алуға болады;

– салауатты өмір салтын жүргізу үшін жағдай жасау (*жазғы кезеңде ашық аспан астындағы жаттығулар, алаңдар, веложолдар*) және экологиялық мінез-құлық (*қоқысты бөлек жинау бойынша мастер-класстар, қоқыс алаңдарындағы арнайы контейнерлер*).

1. Прагматикалық өмір салтының артықшылықтарын көрсету және вирусты трендтерді құру үшін **танымал блогерлерді тарту** (тиімді тұтыну, сәнді мерекелерден бас тарту, салауатты өмір салтын жүргізу, жоспарлау және т. б. дағдылары).

2. Болашақ дағдыларын дамытуға бағытталған мектеп бағдарламасына **арнайы пәндерді енгізу** (тайм-менеджмент, сыни ойлау, құқықтық және қаржылық сауаттылық және т.б.), сондай-ақ ашық университет жобасы шеңберінде дәрістер мен оқыту тренингтерін құру OpenU.kz әрбір адам өзіне және өз мамандығына арналған өзектілігіне сәйкес ұтымды дағдыларды қалыптастыруға еркін қол жеткізе алуы үшін.

Контентті әзірлеу кезінде белгілі бір кәсіп өкілдеріне (заңгерлер, экономистер, педагогтар және т.б.) дамыту қажет, адамдарға жаңа ақпаратқа бағдар беру оңайырақ болуы үшін дағдылары бар топтамалардың болуын қарастыру керек.

Арнайы жобаның администраторы: Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі.

Нәтижелерді бағалау индикаторлары:

– Республикалық маңызы бар қалаларда (Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент) және облыстарда БАҚ-та және жарнамалық алаңдарда (билбордтар, қоғамдық көлік, ақпараттық стендтер) ақпараттық кампания жүргізу;

– танымал адамдарды, блогерлерді, қоғамдық пікір көшбасшыларын жүргізіп отырған жұмысқа тарту;

– әлеуметтік желілерде, танымал пабликтарда және блогерлердің жарияланымдарында орналастыру;

– балалар мен жастарға арналған заманауи аудиовизуалды контент өндіру;

– мектептерді, ТЖКБ мен ЖОО-ларды оқыту жүйесіне енгізу үшін оқыту бағдарламаларын құру;

– халықты жүргізіліп жатқан жұмысқа тарту.

Күтілетін нәтижелер:

– Әлеуметтік мінез-құлықтың өзгеруі;

– Қазақстандықтардың рационалды әдеттерін қалыптастыру;

– Бағдарлама құндылықтарының ашық практикалық мысалдар мен танымал тұлғалар арқылы таралуы кезіндегі тізбекті реакция;
